

## **1997 жылғы 8 қазанға Қазақстан Республикасы Парламентінің Сенаты депутаттарының сайлауын тағайындау туралы**

Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы 1997 жылғы 23 шілдедегі N 3605

Қазақстан Республикасы Конституциясының 44-бабының 2) тармақшасына, "Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің Конституциялық заң күші бар Жарлығының 69-бабына және 1995 жылғы 5 желтоқсанда екі жылға сайланған Қазақстан Республикасының Парламенті Сенатының депутаттары өкілеттігінің конституциялық мерзімінің аяқталуына байланысты қаулы етемін:

1. 1997 жылғы 8 қазанға Қазақстан Республикасы Парламентінің Сенаты депутаттарының сайлауы тағайындалсын.

2. Қазақстан Республикасы Парламентінің Сенаты депутаттарының сайлауы жөніндегі сайлау іс-шаралары "Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің Конституциялық заң күші бар Жарлығында белгіленген ережелерге сәйкес және мерзімде өткізіледі деп белгіленсін.

3. Қазақстан Республикасының Үкіметі, облыстардың және Алматы қаласының әкімдері Қазақстан Республикасы Парламентінің Сенаты депутаттарының сайлауын ұйымдық, материалдық-техникалық және қаржылай қамтамасыз ету жөнінде барлық қажетті шараларды қолданатын болсын.

4. Облыстардың және Алматы қаласының әкімдері қажет болған

жағдайда осы Жарлық күшіне енген күннен бастап жеті күн мерзімде аумақтық сайлау комиссияларының құрамдарын өзгертсін. Қабылданған шешімдер туралы Қазақстан Республикасының Орталық сайлау комиссиясын кідіріссіз хабардар ететін болсын.

5. Осы Жарлық жарияланған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының  
Президенті

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК